

Самат Мәненұлы



Жыл мезгілдері

Algas for "n
piñata + omelet
eggs, milk, etc.
12. 03. 2015 m

М 18

Самат Мәненұлы



Жыл мезгілдері

Иртышская
ЦБС
15-14-1 62188
05



Алғы сез

Мен, Самат Мәненұлы 1950 жылдың 20-қаңтарында Шығыс Қазақстан облысы Құршым ауданы Мөнекей ауылында өмірге келдім. Әкем колхозда есепши, шешем үй шаруасындағы адам еді. Бір шаңырақтағы сегіз баланың бесіншісімін Ауыл Зайсан көлінің жағасында болатын 1956–1959 жылдар Ертіс өзені бойында су электр станциясы салынғанда, көлдің аумағы үлкейіп ауыл су астында қалды. Тұрғындар ескі ауылдан шамамен 6–7 шақырым жерге көшіріліп, ауыл қай дәуірден екенін кім білсін, қорымның атауына байланысты Аманат атанды. Балапан бала шағым осында өтті 1961 жылды осында бастауыш мектепті бітірдім. Сол жылды жазда әкем өмірден озды Оқуымды осы ауданың Ақсуат ауылында жалғастырдым, осы ауылда 1967 жылды тәмәмдадым. Интернаттың қара сұмын қара наның жеп өскен баланың бірімін Бала шақтан арманым журналист болу еді, алғашқы «Мектебім» атты өлеңім 1964 жылды аудандық «Коммунистік еңбек» газетінде жарық көрді. Кейіннен облыстық «Коммунизм туы» газеттеріне басылып тұратын болды. Мектеп бітірген соң, апам Роза мен марқұм жездем Құрманбектің бір айлық еңбектерін алып, Алматыға келдім, ҚазМУ дың журналистика факультетіне құжаттарымды тапсырдым. Жолым болмады, шығарма жазудан «жақсы», қазақ әдебиеті, тарих пәндерін «өте жақсы» тапсырғанмен, неміс

тілі пәнінен «ұштік» алып, үйге қайтуға тұра келді. Ауылға келіп балықшы болдым. Ұстаздарым мектепке шақырғанмен мұғалім болғым келмеді. Келесі жылы дайындалып, ҚазМУға қайтадан бармақ ойда едім, бастауыш мектепте оқытқан мұғалімдерім марқұмдар Зияда Науқанбаев, Қабылғазы: (тегін ұмытыппын) «Самат сен мектепте жақсы оқыдың, қарайып қалмай тұрғанда оқу бітіріп ал, ет пен терінің ортасында жүргенің болса, кез келген үақытта жаза жатарсың»-деп ақылдарын айтқан-ды. Ұстаздарымның сөзін тыңдалап, 1968 жылы Алматы қаласындағы Қазақтың ауылшаруашылық институтына түстім. 1973 жылы инженер-механик мамандығы бойынша бітіріп шықтым. Тұған елде 1–2 жыл қызмет етіп, 1976 жылы Павлодар облысы Ертіс ауданы Қарақұдық ауылына қоныс аудардым. Бүгінгі күнге дейін осында тұрамын. Совхоз (кеңшар) шеберханасында екі жыл бақылаушы механик, көктемгі егіс, орақ науқандарында жөндеуші шебер болып істедім. 1979–1999 жылдар осы ауылдағы Қаз КСР 10 атындағы совхозда бас инженер, директордың өндіріс жөніндегі орынбасары қызметтерін атқардым. Ол кез тынымсыз дәүір болды ғой, үақыттың аздығынан өндіртіп жаза алмадым, тіпті ұмытып та кеткендей кездерім болды. Бірақ, мүлде көз жазып кеткем жок, аракідік болса да ой, түйгенімді қағазға түсіріп отырдым. Өлеңдерім бұрынғы «Қызыл ту», кейінгі «Сарыарқа самалына» 1977 жылдан бастап жарық көріп келеді. «Ертіс нұры» газеті шыға бастаған 1991 жылдан штаттан тыс тілшісі, 2009 жылдан меншікті тілшісі болып істедім.

2013 жылдан зейнеткермін. Жастау кезімде көңілге кіреукеlep мұңқірғенде:

«Мейлі жыр жарық көрмесін,
Жоқ шығар алаулы тәңдары.
Ойлардан жанымның бөлмесін,
Тазартып тұрса тек болғаны.

Келешек күндерге жалғанып,
Өткенді еске алып толғанып,
Қашанда үйір ғой тауға бұлт,
Өзіңмен жүрейін алданып».-деп жазған

едім, жас еңкейе келе бұл пікірімнің қате екенін түсіндім.

Осы алғашқы жинағыма 1967 жылдан бүгінгі күндер аралығында жазылған тек табиғат туралы өлеңдерім кіріп отыр. Жазғандарым баршылық, дегенмен бәрін бірден шығаруға мүмкіндік жоқ, жалғасын таба жатар деген үміттемін. Жасымды, өнерімді сыйлап, алғашқы жинақты шығаруға бел буып қиналған шағымда қол ұшын беріп, демешілік көрсеткен Ертіс ауданына белгілі кәсіпкер, ел, жұртына абыройлы азамат, аудандық маслихаттың депутаты, қазақтың тілін, өнерін салт, дәстүрін тұмар еткен қазақ жанды, қазақы мінезді Ерлан Жәкенұлы Кенжетаевқа алғысым шексіз. Өзіне, отбасына, туған туысқандарына тек бақытты ғұмыр тілеймін.

Осы шағын алғашқы жыр кітабымды өмір сыйлаған ардақты әкем Габдулмәнен Қайыrbайұлына, әзиз анам Құләндә Бөгісқызына арнаймын.

Автор



Жыл мезгілдері немесе Мұқағали

Көктемде күнмен ұласып,
Гүл тере барсам бәктерге.
Жыр болып жауып тұрасың,
Өмірден дархан өткенмен.

Жайдары жазда сырласы-
саялап бақты,
қос ғашық,
Қоңыраулы жырмен шығасың,
Кеткенмен жазбен қоштасып.

Сүр бұлттар ашып шарасың,
Часерін жергөткі ерек.
Жаңбырлап, жыр бол жауасың,
Күрең күзбенен кеткен ең.

Боранды, аяз қыс келсін,
ақ шәлі байладап бақтарға,
жыр оқып тағы жетесің,
оранып алып ақ қарға.

Сағына ма әлде өзінді,
Жабырқап тұар ай-табақ.
Жылдардың сырлы мезгілі,
Тұрады сені қайталап.

Тым ерте сөніп сез, жырың,
Мәңгіге кеттің жол ашып,
Бәрібір жылдың мезгілі,
Өзіңмен тұрар жарасып.

2012 ж.

Шақырады көктем...

Бірінші күні наурыздың,
Бірінші күні көктемнің.
Самалы жанда ән түзді,
Сауырын сипап бөктердің.

Мерейлі әне көкте күн,
Шапағын төгіп түр жерге.
Ақ қысты сол сәт ұмыттым,
Асығып жырлы күндерге.

Жылымық бәлкім жебеді,
Желпіне соқты жел тегі.
Күттірмей көктем келеді,
Сағыныштардан мендегі.

Сезбеймін қыстың өкпегін,
Жүргім жырлы жаз бүгін.
Бірінші күні көктемнің,
Бірінші күні наурыздың.

Ақ шуақ күндер әлі алыс,
Қыс ұзақ біздің жақтарда.
Көктемге деген сағыныш,
Өмірге ғашықтықтан ба?

2014 ж.

* * *

Қалың қарға бұл қыстың жолы болған,
Қарға толы дала да, толған аулам.
Наурыз жетіп терезе қаққанымен,
Әуенінен танбайды долы боран.

Әлі солай. Жолдарды қар басады,
Қияс шыққан жолаушы адасады.
Аппақ қар әлі алдайды жанарымды,
Жұтып алып биік пен аласаны.

Текті түлік-жылқылар тебінде әлі,
Әлі ойнайды сары аяз санын қағып.
Аңшы досым мылтығын тастамайды,
Қоян, тұлқі, қарсақтың жолын бағып.

Кім біледі?
Созылып неше күнге,
Әлі де ақ қар, көк мұз төсөнуге.
Кетер жолын бораны тас бекітіп,
Қысың жатқан жолаушы кешеуілде.

2000 ж.

* * *

Әнші құссыз күйі келмей бақтардың,
Көктем күтіп сағыныштан жапқан мұң.
Алау күннің, ақ шапағы аймалап,
Өңі кетіп бара жатыр ақ қардың.

Кіреүкелі әлі ызғарлы төңірек,
Жұбатады бір жылымық жел үлеп.
Шатырлардан сіркірейді тамшылар,
Қыстың соңғы көз жасында мөлдіреп.

Тымырсықтау тұнған әсем түнде айлы,
Жұлдыз жауған жаз түндері түр жайлы.
Балбырайды бойы балқып дүние,
Жігіт күткен қалыңдықтар сыңайлы.

Ауылдықтың ыңғайланып шаруасы,
Алты ай қыстан шықты аман мал басы.
Бізге жеткен жылымықпен алғашқы,
Көктем құсы-келді ұзак, қарғасы.

Мына қыстан аман шықты.
Жарады,
Титтей ғана әнші құсы даланың.
Бозторғайым әзір мұзды бұтақта,
Көктем күтіп кенеп отыр тамағын,

Көктем, көктем дүниені түлеткен,
Көңіл тербел жыр тартады жүректен.
Қыс қылышын қынабына салған жоқ,
Бәрібір-ау шақырады гүл көктем.

2014

* * *

Беү, жер-ана ауыстырмай кезегін,
Наурыз келді, жазым жақын сеземін.
Жылғаларым жүгіреді сай құып,
Жарып шығып қалың қардың өзегін.

Көктем шіркін бала шақ-ау-мәлдір шақ,
Тоңы жібіп, жатыр балқып, жер бұсап.
Көңілімді іңкәр сезім тербейді,
Айтылмаған.
Айтылатын әнге ұқсан.

Күтудеміз.
Тағаттарда жоқ сабыр.
Көктем жетті.
Көптен күткен жаққа бұл.
Көктем ару төрге шығып келеді,
Шәлі орап шәйі бұлттан ертіп ақ бауыр.

Өліара шақ.
Бірде бір тоңдырып бір жылтар,
Бүршік атты ауладағы шыбық, тал.
Суық,
Жылы,
Жаңбыр,
Қарлы күндері,
Көктемеде қыздарымдай қылық бар.

Бозторғайым қарлы қысташ түңілген,
Жұр оятып төңіректі шырылмен.
Көктем келді астықты өңір Ертіске,
Көктем келді Тұманбайдың жырымен.

Кек түбінде күлімдейді күн-алау,
Ақ қар кетті асқаралы шыңға анау.
Көктем биыл жеделдетіп тез жетті,
Біздеңі бар сағыныштан шығар-ау.

2013 ж.

* * *

Ақ үлпа аппақ қардың өні кетіп,
наурыз келді
Алау күннің жаныма жалыны өтіп,
жүрегім ән іздеді

Ән іздедім ақша бұлт, жеткен құсттан.
көлге асығыл
Көктем жыры сезімді шертіп үшқан,
қалады таңға асылып

Ән іздедім бұлақтан сайға қашқан,
алау күн жетегімен
Ән іздедім жұлдызды айлы аспаннан,
ғашықтар мекенінен

Ән іздедім талдардың, ағаштардың,
күнгө ұсынған бүршігінен
Қыс қыңырын жанымнан аластадым,
көктемгі сыршыл үнмен

Ражап көктем
Толтырып бақты назға,
балбырап жатқан шағын,
Жиып алып шашамын ақ қағазта,
жырымның ақ моншағын.

2000 ж

Қыз дейміз біздер көктемді,
Кейде ерке, кейде өкпелі.
Өмірде, шіркін ешқашан,
Көктемдей назды жоқ тегі.

Жусаны ғұлдеп беттегі,
Бозторғай ән сап көктегі,
Далада, бақта әнші құс,
Көктемдей сазды жоқ тегі.

Егінші қырға беттеді,
Қиқулап құстың жеткені.
Көктемдей шұлы һәм дұлы,
Жыл мезгілі жоқ тегі.

2014 ж.

* * *

Талай жанды жеткізіп арманына,
Талай жанға таусылып жалған мына,
Жазын байлад құстардың қанатына,
Тағы да көктем келіп қалғаны ма?

Күн шұағы аймалап қурақ ұшып,
Сай-салаға барады бұлақ ұшып.
Қырау қыс қара жерге қамсау болған,
Алпақ қар шыңға кетті жылап ұшып.

Қызығыңа асықпын баладайын,
Самалың бол қырыңды аралайын,
Бойжеткен былтыр еккен бала қайың,
Дәу жігіт былтыр еккен қарағайым.

Қалың қара бұлттарды сүзіп өтіп,
Талай долы теңізді жүзіп өтіп.
Сағынышы-ау құстардың сағынышы,
Өзен, көлдің барады мұзын ертіп.

Махаббаттың мәңгі әні Гаккүді айтЫП,
Байсан көлге келді ме аққу қайтып?
Көктем әнін шертеді тау да, дала;
Көктем әнін тербеліп бақ түр айтЫП.

Сыбызығы жел оятып жүр бектерді,
Сазына шағыл-сағым билеп берді.
Төбе-дөңдер жүзеді айдынында,
Жусан, селеу керемет гүлдеп берді.

Құс біткенді сайратып бұлбұл етіл,
Жан иесін үкілеп дұладқа етіп,
Адуын қыс қалды ма күнің кетіп,
Көктем-жел күй шерткенде күмбірлетіп.

Сұрағаның жерден де көктен беріп,
Басыңа шапағат шақ жеткен келіп.
Аққа тиген ауызың қайран халқын,
Бар өмірің өтсейші көктем болып!

2000 ж.

Байсан – Ертіс: жиегіндегі ақындар
қона тыны шағын көл

* * *

Сөгіліп қар көрпесі қыраттағы,
Көктем келді жаныма жыр ап тағы.
Жер ананың бойына нәр жүгіртіп,
Шапқалайды бұлдіршін бұлақтары.

Көктем желі еседі, көктем желі,
Бүршік атты ақ қайың, көк терегі.
Құстар қайтып оралды мекеніне,
Қара құзге өкпелеп кеткен еді.

Қария мәз тағы бір жыл еткізіп.
Елім қырға беттеді білек қызып.
Қыз, келіншектер-қырдағы бәйшешектер,
Жүректерді қалады дір еткізіп.

Күн шапағы анамдай еміреніп,
Шығармайды шөкімдей көгіне бұлт.
Көктем, көктем еліме бақыт сыйлап,
Әкелгейсің таусылмас жеріме құт.

2001 ж.

* * *

Жаздың, кунін сатынам жайраңда^ан,
Кектемсіз сырлы сезім қайды ма^ан?
Наурыз нұры терезе аймалайды,
Қыс ызгарын сеземін айналадан.

Алты ай қыс кеңдалама болған керік
Ақ, қары жатқанымен ақ, жем болып,
Кун туман, карлы жаңбыр, кектай^ак,^{Уар}
Жолаушы жур азабын жолдан керіп

Тун қыскарып, кун біраз узапты ал^а,
Зттеген, тіл бітпей тур булактарға
Са-гындырып кал^ан-аутуған мекен,
Улап, шулап оралды узак, қарта

К,ЫС"ліден соп-ан дкуин, с%кгмденігг;
Ықдайды кектеменін, бетін керіп
Кектем-ару теріме шы^а алмай тур,
Са^ындыр^ан суйіктім секілденіп

Адуын қыс қаншама ектем болсан,,
Женелерсін, қустарым жеткенде зн сї(_н)
Жазым жетер гул қддап қуба белге,
Журепме жетеді кектем «.ашан?¹

²(к)2ж.

* * *

Күн тізбектен жыртып соңғы парагын
мен Наурыздың,
Төңірекке қарадым.
Сән кеткенмен,
әл кетпеген ақжем қар,
Құба белін тасалайды даланың,

Жылымық бар, жылы күні жоқ бірақ,
Бала бұлақ жүгірмейді шапқылап.
Бұл заманның пейілінен шығар-ау,
Биылғы қыс өткен жылдан қаттырақ.


Мейірлене төккен күннің шүағы,
Мұздақтарға тісі батпай түр әлі.
Естілмейді у, шуы да қарғаның,
Естілмейді бозторғайдың жырлы әмі.

Көктем-ару.
Көктем сылқым.
Көктем қызы,
Шашбауына шолпы тақпай жеткен қызы.
Шоқ тоғайды панарайды әзірге,
Жылы жақтан жылу алмай жеткен құс.

Жылан жылы.
Жымысқыға таң болма,
ондай жандар көбейді бұл жалғанда.
Аландаулы алақұйын көңілің,
Қорандағы бірлі-екілі мал жанға.

Көктем, көктем танытып-ақ түр белгі,
Әлі реңсіз күндері мен түндері.
Жұмыр жерден ойып орын таппаған,
Шындығыңдай шыр айналып жүргені.

2013 ж.



* * *

Наурыздың түні тымырсық,
Көрсетпейді көктем жотасына
Қараңғы түнде қабыршық,
Мұз кешіп келе жатасың.

Ықпалайсың қыстың кәрінен,
Мүжіген жанды мезі ғып.
Сұрғылттау аспан төрінен,
Тұрады көктем сезіліп.

Сұрғылтау мына ойдан да,
Сыздықтап туған жыр әрсіз.
Шалқалап туған айдың да,
Жатыссы бізге ұнамсыз.

«Әбдікей» күні су ішпей,
Отырып алды торғай да.
Түрленіп дала пүліштей,
Масайрап жүрер күн қайда?

Кетеді ертең білінбей,
Ақ қыстың ауыр жүгі бұл.
Көктемнің мына күніндей,
Өмірім, эттең, бұлышыр.

1997 ж.

* * *

Бір ғажайып жел еседі бөктерден,
Асығыстау келіп қалған көктем бе ең?
Қыс қылышын қынабына салған жоқ,
Бораннан күш, аяздан әл кеткенмен.

Күндіз киіз төңіректің ақ қары,
Тұнде мүйіз-қабыршық бол жатқаны.
Ақ шатырдан аққан үзік тамшылар,
Ымырт жете сұңғі болып тоқтады.

Келер жазға жетсем деген сұрақты ап,
Қарашадан ошақ қасын тұрақтап,
Алты ай бойы қалжыраған қартыңыз,
Ол да шықты күннің көзін шүәқтәп.

Бір дүрмекті іздел алға ой кеткен,
Наурыз жақын.
Болмап еді той көптен.
Балғын жігіт балаң мұртын сыйпайды,
Айна алдында тұрып қалады
бойжеткен.

Қыс құрдымда.
Соңы жақын егестің,
Сыртта сән жоқ,
Аппақ қардың өні өшкін.
Алқызыл күн күлімдейді төбемде,
Жалаңаштап күнгей бетін белестің.

Ұсікірігі жан иесін билеткен,
Сары аяздан сабыр кеткен, күй кеткен.
Ауылымның ит біткенін шулатып,
Балалар мәз тай, жабағы үйреткен.

Ай реңсіз жарық емес соншалық,
Тұн тымырсық түрғаны үнсіз томсарып,
Тұншықтырмай тымырсықтау ойларға,
Шапағатты шақтарымды келші алып!

1997 ж.

Көктем келді!

Аязды деміктіріп,
Ақ қарды көбік қылышп,
Сәуірдің өпкен желі.
Жер, аспан аймаласқан,
Бұлағы сайға қашқан,
Көктем бе еді?!

Алау күн қызынына,
Ақжем мұзы мына,
Көл анау жатқан балқып.
Ағыстар алып, ұшып,
Ақ сендер соғылысып,
Өзенде барады көкпар тартып.

Қытықтап тылсым әні,
Көнілім құлшынады,
Кетсем бе қырға шығып?
Кәрі қыс наизасындей,
Көктемнің сырғасындей,
Тәбемнен қарайды сұңғі асылып.

Аспанда ақ мамық бұлт,
Соқалар кетті ағытып,
Еңбек күйін.

Қозысы жамыраған,
Жаңында жадырап ән,
Шопанның тербетті үйін.

Құс келді әнін алып,
Төбелер сағымда ағып,
Сағыммен тау алып тербеледі;
Көктемнің тасқынында,
Тұлаған жастығым ба?
Шабытты жүлқылайды көрмеге.

1984 ж.

* * *

Наурыз келді көктем келді желдетіп,
Отты көзін күн қадады жерге тік.
Оппа қарлар билеп ағып барады,
Сырлы әуен, нүрлі әлем тербетіп.

Қуаныштан көлкілдетіп ұрттаپ ап,
Қар астынан терлеп тепшіп шықты алап.
Ағаш біткен күнге жайды бүршігін,
Қысқа деген бар ашуы кілт тарап.

Жалпақ дала ақ сағымға оранып,
Көз үшінда теңселеді тау алып.
Құстарыммен көлге жеткен ән алып,
Кек түбінде жүзеді бір ала бұлт.

Бойын жазып бүршік атып түр шыбық,
Мұнар қырға барад қаптап гүл шығып.
...Қарауылда гүлдемейді бәйшешек,
Полигонның тозаңына тұншығып.

1984 ж.

Көктем лебі,
Көктем желі еседі,
Ұмытылды ызғарлы күн кешегі.
Бала бұлақ оянып ап үйқыдан,
Аралап жүр ақ қар басқан көшени.

Кек аспанда мейірленіп нұрлы күн
Тастады ашып жасыл жаздың түнд^{ігін}.
Дала жатыр бойы бусап балбырап!
Қайта бастап үйреншікті тірлігін.

Көктем лебі,
Көктем желі еседі,
Кек түбінде шуда бұлттар көшеді.
Бұл көктемді тұрмын сенсіз қарсы
алып,
Сол, сол аттең басып тұрған еңсемі.

Жанарымда жас тұнады ірікіліп,
Жүргегімде жыр туады бұлқынып.
Қайран өмір біреулерге таусылып,
Біреулерге жалғасады бұл тірлік.

2007 ж.

* * *

Бозторғай шырылдайды,
Елемей көктемнің салқындығың.
Самалы сыбырлайды,
Сездіріп көктемнің жақындығың.

Алау күн жымындаиды,
Аянбай ақ шуақ нұрын тәккен.
Ақ қайың сырғасыз мұнғлы, ойлы,
Асыға күтіп көктем.

Аппақ қар күңгірт тартып,
Мұз бетінде күн нұры сырғанайды.
Түнде аспан сүрғылт барқыт,
Кіреукелеп көрсетпейді туған айды.

Балауса балаң жігіт,
Сыйпады балғын мұртын тебіндеген.
Қыздарды тылсым сыр, арман, үміт,
Оятады сезілмеген.

Жуанның жінішкөріп,
Жінішке үзілер шак.
Бірде қар, бірде жаңбыр,
Бір шуақ, бір бұлыңғыр,
Көктем түр ала-құйын сезімге үкап.

1987 ж.

* * *

Аппақ қары мүжілмейді қырдағы,
Күн нұрымен жүгірмейді бұлағы.
Борандатып, аяздатқан қыс құда,
Сәні кетіп, сағы сынбай тұр әлі.

Наурыз жетіп күн де алға ұзады,
Өзен, көлде бұзылмаған мұз әлі.
Қыстың қыңыр мінезінен қаймығып,
Жылы киім тастамаймыз біз әлі.

Күндіз жылы, түнде қысып сұығы,
Құлағымда борандардың тұр үні.
Күре жолда күре тамыр секілді,
Әлі сирек автокөлік гүрілі.

Асығыс ек шүақ көктем таңына,
Қабақ қатып борандатты тағы да.
Орталанып қалған шепке көз салып,
Ауылдықтар аландаулы малына.

Күн үрлейді кеудемдегі отымды,
Аяз, шіркін жалайды әлі бетімді.
Борандатып әлде кімге мұңғайтып,
Қыс мекенін қимай жатқан секілді.

2012 ж.

Қош келдің, әз Наурыз!

Айналдым 91дің көктемінен,
Қуанышым-алау күн көkte күлген.
Наурызым, самаладай жеттің бізге,
Ақ қарлы Алатаудың бектерінен.

Көгерпіл көсегесін кең өлкенің,
Еліме сән әкелдің, ән әкелдің.
Ошағым сөніп бара жатыр еді-ау,
Сен барда мән де өмірде бар екенмің.

Келмесін неге өткенге өкпелегім,
Тоз, тоз боп тұрымтайлап кеткенде елім,
Жат жерден үрпағына бақыт іздеп.
Солармен сен де бірге кеткен бе едің?

Сұрақай сұрғылт жылдар тұстарында,
Ұмыт бол қалып едің қыстауымда.
Ол жылдар дәстүр түгіл тілімді де,
Айналдырып жіберген дүшпанына.

Қондың кеп аққуымдай айдыныма,
Бұл күні ұмытылсын қайғы мұң да.
Наурызым-қазақы кең дастарханым,
Наурыздан бақыттым да, байлығым да.

Өзінді тойлап өткен сән ғасыр ел,
Жетпіс жыл жоғалтпаған сәүлесін ел.
Күйінен жаңылмайтын домбырамдай,
Кемелді келешекке жалғаса бер!

199.1 ж.

* * *

Алқызыл күн. Ашық аспан көкпеңбек,
Мұз, қар ақжем қалғаныма көктем кеп.
Бала бұлақ бала тілі былдырлап,
Жүгіреді жал, жал қарды бәктерлеп.

Наурыз келді, күнменен тұн теңеліп,
Шапағат шақ-бақыт, құдік және үміт.
Шырқау көкке самғай ұшты бозторғай,
Қанатынан бір ғажайып ән өріп.

Көктем, көктем Наурыз тойы-жыл басы,
Шық төріме-шық тауым, қырға шық.
Сан жығылып, сан сүрініп, сан тұрып,
Жеттің бізге күндер асып, жыл асып.

Наурыз тойы-ұлы күні Ұлыстың,
Мойтап еткен алмас жүзін қылыштың.
Осы күні байы жомарт, кедей бай,
Қатығезің мейірімге тырыс-қын.

Бақытym бар, байлығым бар, бар мұңым,
Мұн, қайғының ұмытамын барлығын.
Өзіңе де, өзгеге де бақ тілеп,
Атар таңды қарсы алыңдар әрбірің.

Наурыз тойы-ежелгі той көне елім,
Наурыз тойдан бастау алар келер күн.
Бүгінгідей шаттық асып кемерден,
Соғып жатсын дархан өмір кемерін.

Аспаныңды бұлт шалмасын Ұлы елім,
Асқарыңа шаң қонбасын Ұлы елім.
Бүгінгідей молшылықта, кең пейіл,
Баршаңызға, дәйім менің тілеуім!

2004 ж.

* * *

Наурыз келді, күні тұнмен тәцеліп,
Нұрлы дүние ғажап күйге бөленіп.
Наурыз келді астықты аудан Ертіске
Нар ұлдары мал өсірген, жер еміп.

Көктем келді, бастап қыздың қылышын,
Наурыз келді жылын ертіп Ұлудың.
Алты ай қыстың әүресінен құтылып,
Алау күннің шуағына жылындым.

Қарды қыып ерке Ертістен жел жетті,
Күн жалады әйнектегі өрнекті.
Аққа тиді аузы қайран халқымның,
Қорасында төрт түлігі төлдепті.

Ұлыс аман.
Жақсылық мол дәл бүгін;
Болсын дәйім бүгінгідей бар күнім.
Игі істерге кенелсін деп кең құшак,
Қарсы алайық ерте тұрып таң нұрың.

Ата, баба салт-дәстүрін қош алып,
Тұма тұнық бұлақ көзін ашалық.
Келер күннің кемелдігін тілейік,
Не берсе де, берсін Алла қаса ғып.

Даламыздай кең пейілді жандармың,
Татулықпен талай елге арманбыз.
Ырыс алып, ұлысыма жеттің бе?
Төріме шық! Ақ ниетті әз Наурыз!

2012 ж.

Мамыр жыры

Самалы салқын сабырсыз сәүір өткенде,
Майпанңай басып майсалы мамыр жеткен бе?
Керімсал күндер, керімсал тұндер керемет,
Мамырдың күні айырбасталмас көп күнге.

Бозторғай ән сап бозала таңнан көк белде,
Ойнайды сағым ақ ерке желмен бөкттерде.
Ақ мамық бұлттар аққұым болып жүзеді,
Сәлемін айтып сарғайтып жеткен көктемге.

Көк жусан гүлдеп, өткеннен салар ойға мұн,
Бәйшешек тұнған қыраттарым мен сайларым.
Гүлденді ғажап, түрленді ғажап өңірім,
Хас сұлу мамыр болмайтын әсте бойда мін.

Құтылып мұздан толқын мен сәуле жарысқан,
Көлдерім күміс құс қызығымен қауышқан.
Мәңгі өшпес ерлік, мызғымас достық барлығы,
Кереметі осы мамырда мына табысқан.

Еңсемді басып, еңкейткен күндер жоқ бүгін,
Еркіндігім-бақыттым дәүлет, тоқтығым.
Бірліті бекем, Мәңілік елдің куәсі,
Желбіре мәңгі көк майса түсті көк туым.

Егінді дала ақ шұақ нұрға малынған,
Бақыт та, байлық даламнан осы табылған.
Берекелер мен мерекелердің бастауы,
Айналып кетсе болмай ма майса мамырдан!

2010 ж.

Жайдары жаздың күндері...

Тұн

Аспанды қара бұлт басып,
қамады жұлдыз әйді да.
Табиғат өні кілт қашып,
батқандай ауыр қайғыға.

Төбелер шеккен атандай,
көл күлмей қалған бұйырып:
Қараяға тіктеп бата алмай,
гүлдер де қалған иіліп.

Жапырақ қалды сыйбырызыз,
самалды бір күш тұсады.
Аяусыз бәрін түр қысып,
қап қара түннің құшағы.

1967 ж.

* * *

Самал да ұйықтап кетті шаршап келіп,
Бұлак сұы төгілер моншақ болып.
Кара түнде үкінің қос жанары,
Алыстан көрінеді ошақ болып.

Жұлдызын жарқыраған тасқа жанып,
Жатады көл түбіндег аспан ауып.
Түн жолы жақындағы ауылдардың,
Оттарын жырақтарға қашқан алып.

Тезек исі аңқиды ошағымнан,
Әлдеқайдан жетеді адасып ән.
Ай шіркін мұнғы көзбен сыйалайды,
Ұйқыдағы бұлттардың арасынан.

1980 ж.

Ауыл кеші

Қызырып ұясына батқанда **күн**,
көкжиек-
қызыл иек, отпен жалын.
Ауылға оралады төрт түлік мал,
көтеріп қара жолдың ақ шаңдағын.

Ауылда қызыл інір қарабалас шак,
барады күміс көлден ән де алыстап.
Тұтіні ошақтардың қатар ұшқан,
елімнің байрағына қалған ұқсан.

Күн өтті бар қызығын үлестіріп,
Түн жетті ай, жұлдызын ілестіріп.
Махамбеттің жырларын еске салып,
Көл жақтан қызғыш үні түр естіліп.

1992 ж.

Майлауда

Жотасында жондардың,
Арқасында жолдардың,
Қызыл күн.

Ақ басында шыңдардың,
Айдынында сулардың,
Жүзіп жүр

бұлт самарқау,
желмен ойнап құба тал
құлпырады.

Аспан түсті бұлақтан
Шөл мейірін жұбатқан
Жылқылағы.

Піседі түү азаннан
анау үлкен қазанда
Қой еті.

Сүйе біл дос халқынды
өткізетін әр күнді
Той етіп.

Сырбаз қарттың қолында
төгіледі домбыра
сазды өріп.

Ішіп қымыз саумалын,
еске ап өткен жолдарын,
Отырар жүрт
мәз болып.

1993 ж.

Кеш :

Күн де батты қызықтап бұл жалғанды,
Батыс жүзі қанға малған қанжардың.

Көл мөлдіреп жатыр содан от құшып,
Дәл төбеден бір топ үйрек өтті ұшып.

Жорта, жорта қалжыраған ақ самал,
қалғып кетті құстарменен бақта анау.

Ошақтарда қоламталап от сөніп,
Құрсінді қарт тағы бір күн өткөріп.

Тұн құшағы.
Байыз тапты сай, далам,
Тамырында шымыр тірлік қайнанаған.

«Қарақшылар» шықты көкке ойқастап,
Жолын кесті.
Жылы ұясын ай тастанап.

1984 ж.

Аттан

Құм ериді шілденің аптабына,
Көктегі күн үқсайды от, жалынға.
Ұйықтай кетсең сәскеде тұске енді,
Қыраулы қаңтарың да, ақпаның да.

Бір қатыгез жандардай сертке берік,
Жаңбыры жаумай-ақ түр көптен бери.
Тау жүзіп жүр сағымның айдынында,
Алау күннің табына кеткен бе еріп?

Жаннның, малдың аңсары суда тұнық,
Күндізгіні атама,
тұн қапырық.
Айлап, жылдап көріспеген ғашығымдай,
Самал-сұлу аймалар ырғатылып.

Жұрт жаңбырдан басқаны сез етпейді,
Қыс бораны жаңбырға «кезек» дейді.
Көктемде еккен егіні көктеу бермей,
Елгезек агроном безектейді.

Жаңбыр жауса ол анық сый болары,
Шебі, егіні молынан жиналады.
Әзірге сар далада тамшы тамбай,
«Әттегендеп» ауыл боп қиналады.

Бізге дала емес қой бөтен бесік,
Тұжырым жасамалық бекер кесіп.
Сәтін салса жаңбыр да құйып берер,
Кетер қырға егін де бетеге өсіп.

...Қыста аязы, ал жазда күн қақтаған,
Қайсаңлық бесігі де құндақтаған.
Қайран далам. Мәңгі елім! Береке ордам,
Өзіңнен жер ма бар әсте қымбат маған!

1999 ж.

Несер

Тасырлатып танытып тасыр қылыш,
Көк түбінде салады жасын бүлік.
Қалың қара бұлтарды қожыратып,
Бүйра, бүйра бұлтардың шашын
жұлып.

Тегеурін тежейтін жолықты кім?
Жарқылдауы тоқтады тауып тыным.
Қожыраған бұлтардың бауыры иіп,
Құйып берді керемет, жарықтығым.

Құйып берді оу, шіркін нөсерлетіп,
Бусан далам бойыңдан кесел кетіп.
Ала жаздай тамбастан жалғыз тамшы¹,
Әткен жазға қалған-ды есек кетіп.

Бұлдіргендей білемді тамшылары,
Тамшыларда береке бар шуағы.
Кебірсімей кенезе кермек тартпай,
Жүректерге өмірдің толсын әні.

Ғашық жандай қыздарға ажары бар,
Адамдармыз жайдары жазға құмар.
Беу, жүрегім көнілдегі кебу мұндан,
Нөсерлетіп сен де бір тазарып ал.

2012 ж.

* * *

Бұлтарды тауға да ұрып, тасқа да ұрып,
Бастады дүрліктіріп аспан бүлік.
Жасын қылыш турайды жапырақтап,
Қара бұлтты есінен алжастырып.

Бір тектіден жаралған қос батырың,
Бермейді жанға сауға, досқа тыным.
Шайқасып, кескілесіп, жарқылдасып,
Тентек желдің соңынан көшті ақырын.

Құйып берді керемет нәсер қандай,
Толғатқан аспан келіншек босанғандай,
Аракідік қояды күркіреп күн,
Батырлар татулыққа тост алғандай.

Құй жаңбырым, жан кірісін құм шағылға,
Кәүсәрінә дала, мен де сусадым ба?
Жүргімде барады өлең бүрлеп,
Ал, қырымда бетеген, жусаным да.

Жайна өмірім жаңбырдан соң өртенге үқсан,
Несібеңе кенелсін еркін құшақ.
Аптабың мен нәсердің көпіріндей,
Мен елімде болайын кемпірқосақ.

1999 ж.

Жаздың арай таңдары

* * *

Ауылда. Жәзда. Таң алды,
Жұлдыздар сөнді ғарышта.
Бозғылтым көшө шамдары,
Арайлы таңға алыстау.

Тірлікті марғау жел түріп,
Боз белден самал соқтай ма?
Ақ кірпік жүзін сөндіріп,
Бозарып барып батты ай да.

Тіршілік бейқам мұлгиді,
Жамылып жейде бозарған.
Тылсым бұл сәтте тұңғиық,
Тірлігін кімдер сезе алған?

Мақпалдай майда сұлу тұн,
Жоғалтты жерде жүзілін.
Тынымсыз жалған тұр күтіп,
Келетін күннің қызығын.

2011 ж.

* * *

Ұнсіздік тірлікпен алмасты,
Шығыстан балауса леп соғып,
Алау күн шапағы алғашқы,
Далама шүпірлеп кетті өріп.

Кетті өріп таұларға, бауларға,
Ақ сәүле оятты кел бетін.
Оятты үйқыдан жалғанды,
Тірліктің бесігін тербетіп.

Таңғы шық бір тамшы, мәлдірін,
Көз жасы секілді маралдың,
Жапырақ шіркіндер дірілдең,
Қарсы ап түр күн нұрын, самалың.

Даланың серігі бозторғай,
Құйтымдай қанатын қомдаң ап,
Басты кеп әніне жеңтаңдай,
Түү шырқау биіктен сорғалап.

Оянды алау күн нұрымен,
Көдесі желбіреп,
Жусаны.
Қалайша сезбегем бұрын мен,
Керемет сурет пе ең мұншалық?

Тірліктің бойына нәр бітіп,
Басталды жалғанның жаңа әні.
..Жаныңды тастайды-ау сергітіп,
Ауылдың арайлы тандары.

2011 ж.

Әуен

Осынау әүен қарапайым,
Бозала таңмен жаңа туған.
Сүйкімді құсым-бозторғайым,
Түсіріп алты қанатынан.

Алғашқы күннің шапағымен,
Тербетіп мөлдір ауаны,
Самалдың майда қанатымен,
Алысқа самғап барады.

Ән болып кетті орман да, тоғай,
Ән болды алыс қыырлар.
Болса да әүен қарапайым,
Түсіну оны қындау.

1977 ж.

* * *

Ақ сауірден жеткен-ді ғашық ән ап,
Самалы жусан көде шашын тарап.
Ғашық та едім мен жазға
асықты ма?
Жазым өтіп барады жасыл балақ.

Күн өтеді зымырап, күн өтеді,
Күн қадірін еңкейген білер тегі.
Әншілігі шектелді бозторғайдың,
Қызықтырмай бектердің гүлді етегі.

Көңіл соқпай кей сәтте жыр-өлеңге,
Қыр қызығы реңкі жүдеген де.
Бояуы төңіректің қоюланып,
Айналып бара жатыр күрен белге.

Қамығамын басымнан өткен жайға,
Әжім шіркін көбейді ақ маңдайда.
Өзен, көлдің қызығы орталанды,
Құс сапарға дайындалып жатқандай ма?

Көлегейлеп шарбы бұлт көзін құлген,
Жаз шуағын қалдық па сезінуден?
Тамыз өтіп барады тамылжыған,
Жаңбырлатып жаз өтті қызығымен.

Жасыл желең жамылған жаз өтті де,
Бар қызығын тастады тежеп мүлде.
Қыр да солғын, жайдары көңіл солғын.
Енді аспаны бұлышыр кезек күзде.

2013 ж.

Келдің бе есен күрең күз..

Қазандағы жаңбыр

Осындаі сірә болмас күз,
Төгеді жаңбыр толассыз.
Төңкөріліп қапты қазаны.

Кетті ұшып тырна, аққу да,
Батады ауыр бақ мұнға,
Жыларатып кетті-ау жаз әні.

Қызығын кеткен жаз алып,
Боз дала қалды бозарып,
Осыған тұр-ау жылап күз.

Кіреукелі аспан бұлтты күн,
Жұлдызсыз, айсыз сүрғылт түн,
Табиғатта қазір бірақ түс!

2000 ж.

Жаз жөнелді бар міндетін атқарып,
Жырсыз, үнсіз мұңаяды бақ налып.
Сағынышын жапырақта қалдырып,
Құстар кетті жылы жақты бетке алып.

Кіреукең анау күннің қабағы,
Сары ағаштан сары жапырақ жауады.
Левитаның «Күз» суреті дермісін,
Сары түске боялған бүл даланы.

Құба белден болды деме сән ғайып,
Қыр астында егін пісті сарғайып.
Сары егінде жүзеді сары комбайн,
Теңіздегі секілді бір желқайық.

Ауылдарда күзде қайда
сән, көрік?
Сәні міне,
Бидай жатыр тау болып.
Жыршыл құстың жыры біткен **бүл шақта**,
Еңбек үні естіледі ән болып.

Диқаншының таусып сабыр, тағатын,
Өтіп бермес жұлдыз, айсыз қара тұн.
Бақ ішінде орындықтар жетім тұр,
Ғашықтар жоқ бірін бірі табатын.

Күндіз жылы, ымырттан соң салқын тұн,
Қырман басы қырмызы әнге сал құрбым.
Күз келді ме,
көнілге мұн түсірме,
Алтын күз бүл берекесі халқымның.

2008 ж.

* * *

Қыр асып жөнелген бе желмен сағым,
Жоғалды суға сіңіп көлден наз үн.
Құстардың қанатында барады ұшығы,
Құстардың қанатымен келген жазым.

Айналам сағыныш-ау сарыала тұс,
Сарғайтып келіп қапты далама күз.
Шағаланы шалғайға шығарып сап,
Құстарға қол бұлғайды жағада қызы.

Тұнжыраған бұлғынғыр күз аспаны,
Кіреүкелі қабағын кез ашпады.
Жаңбыры жиі, жиі сіркірейді,
Секілді кеткен құстың көз жастары.

Бұлт көзін көлеңкелеп күн жылайды,
Өзеннің, күміс көлдің сұы ылайлы.
Манғайдағы әжімге әжім қосып,
Қариялар еріксіз тұнжырайды.

Сағынтып шағын ауыл шалғайдағы,
Жүректе сағыныштың толғайды әнін.
Айналам күмбірлетіп тұрғандай-ау,
Кәдімгі Тәтімбеттің «Сарыжайлауын».

Мұнын айтып, мұңайтып сыңсиды әлем,
Беу тірлік-ай, барында тынши ма өлең?!

Құстар кетіп барады жылы жаққа.
«Хошын» айтып Тұманбай Нұрғисамен.

2008 ж.

* * *

Жапырақ қызылтым, тоқ сары,
Күренгे боялған жасыл жай.
Төңірек сап сары-ау, сап сары,
Үйтілген дәл қой басында.

Далада қаңбақты қуалап,
Соғады өкпек жел басылмай,
Шудалы бұлттардан сығалап,
Тұады аспанда жасық ай.

Көк жүзін торлаған сұрғылт бұлт,
сулайды әжімді бетімді.
Жапырақ бір тамшы тұрды іркіп,
Ең соңғы көз жасы секілді.

Жалған деп айтамыз бекер ме?
Жазмыштан кім озар, кім асар.
Адамдар өмірден өткенде,
Жыламай қалары рас-ау.

2008, ж.

* * *

Қаншама күн қара дауыл соққалы,
Қарашада қара жаңбыр жоқ қары.
Нарығыңың өліарасын аса алмай,
Тағдырыңың шатысқан бір шактаръ.

2009, ж.

Биылғы күз

Керімсал күні биылғы күзім керемет,
Жайдары жазды қойған ба дерсің өрелеп.
Күн еңкейгенмен шуақты, күні жаңбырысыз,
Фажайып мезгіл күзім де көркем сәні ерек?.

Көктерек, қайың бұтағын нұрға тұр малып,
Алтын күз осы жеріме жеткен сый алып.
Қарбалас мезгіл тынысын тартты баяулап,
Қырында анау бидай мен арпа жиналышп.

Бозторғай рас, бозала таңнан салмайды ән,
Жұзбейді төбе жоғалған сағым шалғайдан.
Аңызда қырда орылып біткен егіні,
Сарғайған бәрі, төңірек түгел сарғайған.

Жаз ба едің әлде,
Ертерек келген күз бе едің?
Жыл құсы түзді аспанды мұнлы тізбегін.
Қоштасқан көлмен қиқуын естіп солардың,
Қырда қалған ауылды туған іздедім.

Жапырақ біткен жауады тынбай ағаштан,
Көк майса жазбен алты айға қырдан ән
асқан.
Тоқсары, қызығылт күрең..
Сан түске боялған,
Суреті күздің далама қалай жарасқан?

Артымда қалды көбелек құған құмай күн,
Бір жазым өтті,
бір жылым кетті қимайтын.
Жыл мезгіліндей күндерім тұр-ау кезекте,
Солар ғой мені, солар ғой мені қинайтын.

2012 ж.

* * *

Көкорай түске бояған орман, даласын,
Гүлкесте жазды әкетіп қайда баrasың?
Көгілдір келден көлбендей үшқан кек үйрек,
Күрсініп қанат қағасың.

Бозторғай ән сал бозала бауыр таңымда,
Боз жусан төбе жүзетін бозғылт сағымда.
Мениң де жасыл бір жазым кетіп барады,
Қауырсын қанаттарында.

Сұрғылттау тартты мөп-мөлдір шұлы
кек айдың,
Жапырағы үшқан кетіпті сәні тоғайдың.
Жаңбырлап жасы жабырқап кеткен топ қазға,
Імәндағы гмен дәкәрдаймын:

Қызығы кетіп тұнжырап қалған анау бақ,
Бозторғай үшлас биікке шырқау ән аулаң.
Көзімді кей сәт көкжиекке тастаймын,
Батқанда күнім алаулап...

2610 ж.

Левитанның «Күз» суреті алдын^{Да}

Күз сұығы қытымыр қағытпалап,
Жыл құсы кетті алысқа қағып қанат;
Жерінен жерінгендей бұла қызық,
Қайда кеттің жүзінді мұнға түзіп?

Еділдің көзден қағып көбік сұын,
Жасырған боз тұманның шөгіп бұы;
Қара күз қаразына лайықты,
Кемелер дымқылдықтан қарайып².

Төңірек құлазыған.
Бәрі мұнды,
Толқындар желбіреген етектердей,
Кемелең жүзіп кеткен бақ өмірді,
Қалаға тартып әттең әкеткендей.

1977 ж.

* * *

Күз келді де, жаңбыры сіркіреді,
Долы өзеннің басылды күркіреуі.
Жалқындау нұры тайған күн көзіне,
Өкпек жел алба-жұлба бұлт іледі.

Тақиясыз қарттардай шепсіз тәбе,
Жайдары жаз өткен соң жоқ түзде
өлең.
Сұрғылт аспан түбінде сүйір бұрыш,
Жыл құсы жылды жаққа бет түзеген.

Бозторғайдың тынған ба салған әні?
Сағыныштан сары түске ауған бәрі.
Қоштасып қаз, үйрегі кеткенімен,
қалыпты өнін бермес қарғалары.

Жоғалтқан наз қылышын өлең бақтар,
Басталған адам үшін елең шақтар.
Малшыны қыстауына асықтырып,
келеді шың басынан тәмендеп қар.

2000 ж.

* * *

Құзін ауып барады ортасынан,
Ай жатады аспанды шалқасынан.
Қожыр, қожыр бұлттардай қалың ойдан,
Шуақ іздел жаныңа тартасың ән.

Өмір заңы.
Өткенмен қауышпайсың,
Мына күзбен тағы әрмен алыстайсың,
Көп ортасы көңілің көл, дәрия,
Оңашада аршыған арыстайсың.

Өмір көші жылжиды дүрмек тартып,
Айналанда жатады бүрлеп бақыт.
Сағынышың сарғайып жапырақтай,
Жастығың күміс көлде мұз бол қатып.

Болмайды бұрынғыдай тойда көңіл,
Жымысқылап жетеді ой да небір.
Қуанышың, қайғың да қанжығада,
Жаз бол, күз бол жылжиды қайран өмір!

2012 ж

Элі үшпай жүр ме, аққулар?

Табиғат айрылып желектен,
Қабыршық мұз қапты кек сулар.
Қаз, үйрек, тырналар кеткенмен,
Кете алмай жүр әлі аққулар.

Кара күз тонаған гүл өңін,
Несімен қызықты бұл мекен?
Балапан, жоқ әлде сыңарын,
Жоғалтып әттеген, жүр ме екен?

Қанатпен кек мұзды сабалап,
Кімдерге мұн, зарын жүр айтып?
Киелім, жанымды жарапалап,
Мені де кеттің-ау мұңайтып!

2012 ж.

Жұлдыз, айсың, қара дауыс
Сұлық түн.
Жүргімді жазған жырға жыльыттым.
Келер күнге,
Көрер күнге жалғайтын,
Үзілмейтін жібі ғана үміттің!

2009 ж.

Қарашаның қара түні

Қарашада қара дауыл,
жоқ қары,
Мұнұлы баққа ақ шәлісін жаппазды.
Қара түнде, қара аспанда адағып,
Жүр-ау алыс жүлдышдардың отары.

Жүзі жалқын көзден таса айдағы,
Қара бұлттар қара түннің қаймағы.
Көңілім бос
Әкеткен бе жел үрлеп,
Назым қайда,
Жазым қайда жайдары?

Ұлиды жел.
Мұнұлы айнала, қараңғы,
Қаратүнек жұтып қойған бар әнді.
Откен емес,
Келер күнге ой кетіп,
Қара түні адастырған санамады.

О, жарық күн,
сүйем қалай мен сені!
Түнек мәңгі.
Жарық-өмір өлшемі.
Қара түні тұншықтырып қара ойға,
Түсіреді, түсіреді еңсені.

Күні откен боздайды қырда жусаным,
Күніреніп мұң қосады құ шалғын.
О, жер-ана жандыны да, жанызды,
Мұнар мұңға батырады бұл шағын.

Күз еркесі (башаларға)

Мен, ханшайым күз еркесі,
Танытыңдар оң қабак.
Кең даланың берекесін,
Ала келдім арқалап.

Жеміс толы қоржынымда,
Алма, өрік бәрі бар.
Келдім міне, қолды соз да,
Түгел жинап алыңдар.

Берекелі алтын күзбін,
Далам толы егіске.
Мерекелі жарқын жүзім,
Қойным толы жеміске.

Алдыңдағы ақ наның да,
Қырдағы мол астықтан.
Бар береке толған мына,
Ынтымақпен достықтан.

2012 ж.

Ақ қарлы қыс, ақпанды қыс, армысын,

Қазандағы қар

Қылаулап жауып берді қар алғашқы,
Қырау қыс қара жермен амандасты.
Ағаштар бөрікті де, жер көрпелі.
Жалаңашты, төңірек жалаңашты.

Қар жауды секілденіп жар құшағы,
Енді артта құба белдің зарлы шағы.
Қаңбақтарды қаңғыртып жел қумайды,
Боздамайды даланың боз жусаны.

Қараша емес, аулада қазан айы,
Ерте емес пе деген ой мазалайды.
Жауса, жаусын Алланың бұл да сыйы,
Көнілдің көп кірбіңін тазалайды.

Қар жауып түр қазанда қылаулап қар,
Ақын жанды жүрекке жыр аүлатқан.
Ертеңіне әттеген, кетті еріп,
Күздің соңғы жасы ма жылап аққан?

2012 ж.

* * *

Қараша. Қара желі, тамшылар да
Күрөң күздің күренін қамшылауда.
Берекесін-берерін беріп болып,
Бұл күздің де қызығы таусылған ба?

Кешіктірмей кезекпен қыс кеп қалды,
Аппақ қар ауылымды құшаққа алды.
Ағаштар ақ ұлпадан көйлек киіп,
Ақ кірпік аруларға ұқсан қалды.

Жаз кеткен соң болмаған сәнің мұн^{да}й,
Ақ желеңге оранған ауылымды-ай!
Үшарда туған жерге тастап кеткен,
Айналам аққу, қаздың мамығындай,

Тынымсыз жауып жатыр ұлпа қары,
Қара жердің көрпесін қымтағалы.
Алғашқы қар ақ қыстың қарлығашы,
Бұл қыстың жазылмаған бір парагы.

Ертелі кеш жауады жапалақтап,
Төңіректің тастады бәрін ақтап.
Қыс далама сән берді,
дегенменен,
Көктемді аңсан көңілде ой жатады аппақ.

2012 ж.

* * *

Жаздың сәні-жап жасыл бақтарымен,
Қыстың сәні-үлпадай ақ қарымен.
Тәңірімнің әмірі, Тәңірімнің,
Далама ақ мамықтан жапқан кілем.

Қысы келді ақ шаңқан үш ат жегіп,
Тауларымның басында ұшақ берік.
Қара күз қалтыраған кең дүние,
Кетілті аппақ жылды құшаққа еніп.

Ағаштар ақ бәтестен киіп көйлек,
Балаларға алаңсыз тиіпті ермек.
Жылымықты жалмаған қатқыл аүа,
Абайлап терезеге жиыпты өрнек.

Бұл ғаламның кіршіксіз,
бері, ар жағы,
Қара ниет қай қуыста жарапады?
Табиғаты қаншама әрлегенмен,
Жалғаннның жоғалмайды-ау қара дағы.

2012 ж.

Айнала аппақ,
көз шалмайды оймақ қара,
Тылсым түні жетеді айды ап дара.
Төңіректі шаңытып, тұман жүзіп,
Аяз қысып келеді жайлап қана.

Қараймын көк түбіне күдік ап бір,
туысы айдың бірақ ұнап-ақ түр.
Ғарыштың түбіндегі Құс жолынан,
Қытымыр қыс қаһары сығалап түр.

Аүылым байыз тапқан мол дабырдаң,
Ит үреді шәуілдеп аннан, мұннан.
Әлсіз жарық үңіледі түн қойнына,
Қырау басқан зіңектің, әржасынан.

2000 ж.

Тебінде

*Қарт жылқышы, ауданның құрметті
азаматы Амантай Мусинге*

Қаракөк аспан айы жок,
жүлдyz жарық,
қылпылдаған аязға жүзін жанып,
ұшқын-қар баяу ғана қылаулайды,
қара түнде құбылып, құндызданып.

Ақ қар басқан далада қалың күртік,
жасыл жазы, көдесі сағындырып,
сары аязда сауырын қырау басқан,
тебінде жайбрақат табын жылқы.

Аяз да, қатауланып төнген бекем,
Ұскіріті үрлейді желмен желкен.
Тектілерім, жаз, қысы түзде өскен,
Жылу іздел кетпейді жерге бөтен.

Жіті шолып үйірін, айналаны,
Байыз әсте таппайды айғыр, әні.
Тосыннан түнді жарып кісінейді,
Енесінен адасқан тай, жабағы.

Тұяқтың табы қалған әр тасында,
қарлы түздің сайында, жотасында,
тәрт түліктің төресі жануарым,
тебіндейді мұз қатып шашасына.

Көк түбінде жұлдыздар жамыраған,
Жел үрлейді әуеннен жаңылмаған.
Қысы аязды, боранды туған мекен,
Жер бетінен біздерге табылмаған.

Мінез деген біздерде бала сынды,
Арпалыспен өткіздік сан ғасырды.
Қайсарлықта шыңдаған кең даламдау!
Еркін болу қашанда жарасымды!

2010 ж.

Қаңтар тұні

Сүрғылт аспан ай, жұлдызын көкке іліп,
Тұн тыныштық түр аулап.
Басқан ізді баяу ғана жоқ қылып,
Қар жауады қылаулап.

Ақ көрпемен қымтанип ап тал, қайын,
Құшағында үйқынын.
Қар тынымымз әрлеп, сәндеп жамайды,
Қара жердің жыртығын.

2000 ж.

Табиғаттың құдіретіне аң таңмын,
Май тоңазыр сүйе бар қаңтардың.
Құлак, бетті наизалаған аяз жоқ,
Бұрқыраған бораны жоқ Арқаның.

Сүрғылт аспан, сырсыз көңіл, жалқы^Н күн,
Сүрғылт тартқан ой түбінен тартып ұыр.
Кек түбінде шекімдей бұлт жүзіп жүр,
Таусылмайтын өкпе, назы халқымны^Н.

2002 ж.

* * *

Ойыншығына ұанбас бала де бір,
Ехілдене есітады җара дауыл.
Кек түбінде жүзеді қазбауыр бұлт,
Қияс үшқан қырандай балағы ауыр.

Қар түтетін боран жоқ ақпаныңда,
Бозғылт тартып кеткен бе ақ қарың да?
Биліктіден табиғат пейілі артық,
Отын, су, шөп, сабаны тапшы ауылға.

Жылқыға жайсыз мұз бен аралас қыр.
Құдігіңмен үмітің шамалас жүр.
Бір жақсысы саулыққа көнілің тоқ,
Бір жаманы ағаштар жалаңаш тұр.

2002 ж.

Ақпандашы қар

Аспан мен жер арасы жалғанып бір,
Ауылда жапалақтап қар жауып тұр.
Ақ сейсеке оранды тағы бекем,
Бөзі көрпө жамылған бозамық қыр.

Әні, алыста қар кешіп толарсақтан,
Тоғайдан ат келеді ағаш артқан.
Қайың, емен ақ мамықтан шәлі байлап,
Балалар шаңғы іліп, қала соққан,
Бәрі таныс сурет қой бала шақтан.

Қыс көрпесін әрлеп, қымтап жапты
бекем,
(тебіндегі жылқыға ақ қыр мекен.)
Көк теректің бұтағы дір етеді,
Бір дыбыс естіле ме?
Қатқыл бөтен.

У, шұлы, сырлы көктем арман да әлі,
Көнілім әлде неге аландаулы.
Сыбызығы жел сызылтып мұнын айтып,
Бастала ма ақпанның борандары?

1997 ж

Аязды меш

Жазда жасыл ү, шулы еді бақтар да,
Қыраулы қыс тастанды орап ақ қарға.
Қара тұнде жарқыраған ай, жұлдыз.
Тұн үқсайды хас сұлуға ақмандай.

Аяз қысты, құлақ, беттен шымшылап,
Шылым шегіп тұтініне тұншығам.
Үйреншікті үйшігінде үскірік,
Кәрі төбет байыз талпайды қыңсылап.

Қылыш қайрап жатқан жандай кәнігі,
Аяз, аяз бетке пышақ жаниды.
Ауыл, дала шыны аязда шаңытып,
Тұтін сүйреп бара жатыр әр үйді.

Өз үйіңе өзің ғана жанашып,
Баптап, байқап біраз малды, қора ішін,
Тұн сұлұдың құшағынан қашып кел,
Ошағыңың жанынан жай табасың.

1997 ж.

Ақландағы боран

Қыстың жолы.
Ақпан соңы. Ақ боран,
Аштырмайды адымынды аттаған.
Алай-дүлей мезгілсіз бір үақытта,
Ұзын жолда келе жатты атты адам.

Жолаушы ма?
Білмен бәлкім аңшы ма?
Қыстауына бет түзеген малшы ма?
Жүрісі де тым асығыс, тым сұыт,
Өзі қарға,
Аты терге малшынған.

Бір көрініп, көрінбейді жол кейде,
Уақыт жүйрік, бірақ жүріс өнбей ме?
Осындай күн жолға шыққан бейтаныс,
Жетсін аман не келінге, жеңгейге.

Карш-қарш етіп ауыздықпен алысып,
Тұлпар келеді қақ айырып қар ішін.
Ат иесі тізгін тарта береді,
Беу, жануар таба алмайды шабысын.

Жібер, досым, аттың басын тежеме,
Текті тұлпар жеткізеді межеге.
Нәсер, алтап, ақ боранды түзде ёскен,
Тұз тұлікке боран деген немене?

Қас қарайып, бозғылт аспан түнерді,
(Осындайда құм қылмасын жігерді.)
Үміт жібі үзілетін бүл шақта,
Жолаушымыз аттың басын жіберді.

...Қыстың соңы.
Ақпан соңы. Ақ аспан,
Аяз боран бәрі қысқа жарасқан.
Тек өмірде адаспаңыз, ағайын,
Тұлпарыңмен боранда адас, адассаң!

1997 ж.

Ақпан түні

Бір керемет тыныштыққа табынып,
Түн түр мақпал ай нұрына малынып.
Төнірекке тұтып қойған ақ перде,
Қара түннің көзі қапты қарығып.

Аспан ашық.
Көрінбейді көктे бұлт,
Қара біткен ай нұрына кетті еріп.
Дархан дүние мажырайды алаңсыз,
Қайғысын да қуанышын өткеріп.

Ауыл жатыр көн тірлікten шаршал бір,
Естілмейді бөтен дыбыс жаңсақ бір.
Шапағат шақ-кереғарлық жоғалған,
Жақсылығы жамандықпен тең шақ бұл.

Ақпан түні.
Бір ғажайып қыс түні,
Байлап қойған қазан бұзар күштіні.
Жайлап қана ақша беттен сүйеді,
Алыс жұлдыз, сары аяз үшқыны.

1997 ж.

* * *

Көк түбінде көрінбейді бұлт шекім,
Тыныштықта мұлгіп қалған мынау бақ
Жырға бөлел бір түкпірін жүректің,
Қар жауады қылаулап.

Жүргімде атойлаған армандар,
Кәрлі қыста шақырмайды жол жырақ.
Малы болып, жаны болып ауылда,
Ұйықтап жатыр маужырап.

Шапағатты шағы жетіп әр үйге,
Жоғалады жамандық та, кем кетік.
О, ғажайып шіркін дархан дүние,
Отыр бәрін бесігінде тербетіп.

2008 ж.

Қаңтардың аяз күндері мен тұндері

* * *

Аязына ауылымды қарық қып,
Қаңтарыңың қысусынан жалықтық.
Терометр 40 тан сәт түспейді,
Жан иесін бүрсөндепті –ау жарықтық.

Жылтар бойды таба алмайсың бір шұақ,
Жанға, малға болып тұр ғой бұл сынак.
Сарыарқаның қыздары ма дерсің?
Қызартады қос бетіңен қыршып ап.

Қамшы жеген жан секілді дырау мың,
Жүзі жанып ұялғаннан шығар күн.
Күндіз шаңыт көлегейлеп күн бетін,
Жұлдыз, айды түн жалмайды мұнарлы.

Қар далада құйрық жалын жел үлеп,
Даласынан ниеті жоқ жерінбек.
Күндіз түні қырау басып сауырын,
Табын жылқы жүр жай ғана тебіндең.

2011 ж.

* * *

Жәйлі өзіне шалқасынан жатар ай,
Оу, жұртым-әу мына қыстың қаталы-әй.
Тірлік үшін жанды жеген заманда,
Қиналасың көлігің де от алмай.

Қыңыр қылышқа жоқ еді жылдар
мұрнағы,
Дала аң, құсы қалай шыдап жүр әлі?
Біздің дала Арктикан кем болмай,
Сары аяздың сақиып-ақ түрғаны.

Сырлы сезім тағат бермей сабырға,
Көңіл жатыр жаздың жарқын таңында.
Қас қарай отауыңнан шықпайсың,
Тәнің түгіл тоқатында жаның да.

Сағындырып жасыл дала, жайлау кен,
Малдың қамын, жанның қамын
ойлаумен,
Қатал қыс та, өмір-тірлік тоңдырып,
Өтіп бара жатқан мына ой, дәурен!

2011 ж.

* * *

Көніліңе жаз шуағы мекендер,
«Ертең күні қалай болар екен» деп,
Жолыққаннан ауа райын сұрайсын,
«Сен дұрыссын, қалғандары бекер» деп.

Көнілінді жылтқанынмен жолыққан,
жылу алып жете алмайды жарық таң.
Сықыр-сиқыр тылсым әуен қысқы күн,
Басқан ізді санап жатыр мамық қар.

2011 ж.



Қаңтар етті,
қатырып ақланында,
Аппақ қарың үқсайды ақ шағылға.
Аяздан, ақ бораннан жасқана ма,
Ниеті жоқ қысымның аттануға.

Бәрібір-ау дәрмені қыл үшында,
Әйтуір барлығы аман ұлысымда.
Оңтүстікте көктеме еркелейді,
Қыс қаһары Арқамен Шығысымда.

Қыс та шешер көк мұзды дулағасын,
Көктем жетер жайнатып шүғыласын.
«Тондым» деме өмірде
жылынармыз,
Тек, адамдар көнілің суымасын.

2003 ж.

Боранды тұндер

Күн де батты қызықтап жалғанды,
Қарағылық басты әпсөтте бар маңды.
Қара тұнде қарлы боран басталып,
Жұтып алды ауылымды, жолдарды.

Ішін тартып екілене соқты кеп,
Ауыл іші алай-дүлей ақ түнек.
Жер азасын келмеген-ау көргісі,
Ақ пердемен жұлдыз, айды жапты кек.

Бақсыдайын бастап кетті «желігін»,
Журегімде жыр тербейді лағал мұн.
Жапандағы үйдің жалқын жарығы,
Тұз аңының көзі болып көріндің.

Дауысында қорқыныш бар үрейлі,
Оятады көкіректе мың ойды.
Боранды тұн жанда нәзік үмітпен,
Құлыштаған бала шағың түнейді.

Қоюлатып селдір-селдір ой легін,
Дауысында кейде шаттық, кейде мұн.
Боран сәндең терезеге салады,
Сүретшіге таңсық емес өрнегін.

Бір басынан өмір өткен не қылыш,
Тәтті үмітпен күтіп келер таңды игі.
Қараша үйін, бала шағың есіне ап,
Пеш түбінде, қарт алаңсыз қалғиды.

Боран шіркін, тоқтамайды зар илеп,
Тірлік тартып жарқырайды әр үйде от.
Қараңғы тұн қарлы боран дауысын,
Естіп жатып үйиқтау да бір ғанибет.

1985 ж.

Еске алдым құстың сайрағанын.
Сағындым білем дала әнін.
Көтеріп қарын айналанын,
Басталып кетті бораны.

Ашыған сүттей бүлінді тымық,
Ақ желең бұлғап жеткен жел.
Аспаннан жауып, жерде жел құып,
Ақ перде тұтты көк пен жер.

Дала да, ауыл ақ қарлы шабыс,
аязы желмен тұн қатып,
Балауса шақтан жаныма таныс,
Әүенін түр-ау тыңдатып.

Бала да болып жылайды,
білем,
ана да болып зарлайды.
Мұң шертіп өткен сүрқай күндерден,
Айтылмай кеткен ән жайлыш.

Керенау дала күрсініп сәтке,
Түсіріп бәрін түр еске:
«Әке» деп бәлкім айта алмай **кеткен**,
Аянның даусы емес пе?

Жаңа өмір таңып қазаққа күштеш,
Азаттық болған ұраны.
Өздері жаққан отына түскен,
Сәкендердің бе мұң, зары?

Долдана соқты. Түрі жоқ тынар,
Айрылмақ болып түр шерден.
Боздақтарымның соңғы үні шығар,
Көз жұмар сәтте күрсінген?

Өксігін төгіп тұрғаны мәлім,
Желігіп жеммен ақ қары.
Таба жүрген ұлдарын әлі,
Қара кемпірдің жоқтауы?

Даламыз толы ақтаңдақтарға,
Айтылып барі болған ба?
Жазықсыз жерде жатқан жандардың,
Өксігі жатыр боранда.

Заманым басқа.
Әмір ән, арман
Жанда жоқ, шүкір мұң, қайғым.
Қыстығып соққан осы бораннан,
Солардың зарын тыңдаймын.

Жалғассын өмір құліп таңдармен,
Өткенге тағым. Сол ғана.
Пендершіл біздер ұмытқанменен,
Ұмытпайды екен кең дала.

2015 ж.

Аян-С.Сейфуллиннің наресте кезіндегі
қайтқан баласы

Мазиүнны

Алғы сез	3
Жыл мезгілдері немесе Мұқағали	7
Көктемде күнмен ұласып	7
Шақырады көктем...	8
Бірінші күні наурыздың	8
Қалың қарға бұл қыстың жолы болған	9
Әнші құссыз күйі келмей бақтардың	10
Беү, жер-ана ауыстырмай кезегін	11
Ақ, ұлтта аттаң, қардың, өні қетіп	12
Қыз дейміз біздер көктемді	13
Талай жанды жеткізіп арманына	13
Сөгіліп қар көрпесі қыраттағы	15
Жаздың күнін сағынам жайрандаған	16
Күн тізбектен жыртып соңғы парагын	17
Наурыздың түні тымырсық	18
Бір ғажайып жел еседі бектерден,	19
Көктем келді!	20
Наурыз келді көктем келді желдетіп	21
Көктем лебі	22
Бозторғай шырылдайды	23

Аппақ қары мұжілмейді қырдағы	24
Қош келдің, әз Наурыз!	25
Алқызыл күн. Ашық аспан көкпенбек	26
Наурыз келді, күні түнмен теңеліп	27
Мамыр жыры	28
Жайдары жаздың түндегі...	29
Тұн	29
Самал да ұйықтап кетті шаршап келіп	30
Ауыл кеші	31
Жайлауда	32
Кеш	33
Алтап	34
Нөсер	35
Бұлтарды тауға да ұрып, тасқа да ұрып	36
Жаздың арай таңдары	37
Ауылда. Жазда. Таң алды	37
Ұнсіздік тірлікпен алмасты	38
Әуен	39
Ақ сәуірден жеткен-ді ғашық ән ап	40
Келдің бе есен күрең күз...	41
Қазандағы жаңбыр	41

Қыр асып жөнелген бе желмен сағым	43
Жапырақ қызылтым, тоқ сары	44
Қаншама күн қара дауыл соққалы	44
Биылғы күз	45
Кекорай тұске бояған орман, даласын	46
Левитанның «Күз» суреті алдында	47
Күз келді де, жаңбыры сіркіреді	48
Күзің ауып барады ортасынан	49
Әлі үшпай жүр ме, аққулар?	50
Қарашаның қара түні	51
Күз еркесі (балаларға)	53

Ақ қарлы қыс, ақпанды қыс, армысының	54
Қазандағы қар	54
Қараша. Қара желі, тамшылар да	55
Жаздың сәні-жап жасыл бақтарымен	56
Айнала аппақ	57
Тебінде	58
Қаңтар түні	59
Ойыншығына үанбас бала де бір	60
Ақпандадағы қар	61
Аязды кеш	62
Ақпандадағы боран	63

Ақлан тұні	64
Көк түбінде көрінбейді бұлт шөкім	65
Қаңтардың аяз күндері мен тұндері	66
Аязына ауылымды қарық қып,	66
Жәйлі өзіне шалқасынан жатар ай,	67
Көңіліңе жаз шұағы мекендереп,	68
Қаңтар етті,	68
Боранды тұндер	69
Еске алдым құстың сайрағанын.	70



Самат Мәненұлы

Жыл мезгілдері

Компьютерде беттеген А. Вус

Басуға 19.08.2015 ж. кол койылған.

Пішімі 70 x 100/16. Қағазы оффсеттік,

Шартты баспа табагы 4,75.

Таралымы 200 дана. Тапсырыс № 330 Ц.

«Дом печати» ЖШС басылған.

140000, Павлодар қ., Ленин к-сі, 143.

